

**Қазақстан Республикасының ер азаматтарын Есіл ауданы аумағында 2011 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы N 44 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 наурызда N 13-6-163 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 15 маусымдағы N 02.04.05-11/361 хаты)

**Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі аппаратының 2012.06.15 N 02.04.05-11/361 хаты)**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Занының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 19-бабы 3-тармағына, 20-бабы 1-тармағына, 23-бабы 1-тармағына, 44-бабына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығының негізінде, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына, «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 қаулысының 2 бөлімі 4, 5-тармақтарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға қықығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының ер азаматтарын, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және

әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Әскерге шақыруды ұйымдастыру үшін аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

3. Шақыру комиссиясы Явленка селосында «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру пунктiнiң жайында өткізілсін.

4. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізудің кестесі 2, 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Явленка орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) комиссияны тәжірибелі дәрігер-мамандардан, медициналық қызметшілерден жинақтасын;

2) рентген кабинетінің, функционалдық диагностика кабинетінің, анализ тапсыру зертханасының жұмыс істеуін қамтамасыз етсін;

3) шақыру комиссиясы жіберген ер азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу үшін орындар қарастырсын:  
терапевтік бөлімшеде – 5 орын;  
хирургиялық бөлімшеде – 5 орын.

6. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы мақсатқа бөлінген ассигнование шегінде аудандық бюджет қаржысы есебінен, азаматтарды әскери қызметке шақыру жөніндегі іс-шаралар шығындарын уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

7. Есіл ауданы әкімі аппаратының басшысы әскерге шақыру кезінде шақыруды материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін техникалық жұмысшылардың үш штаттық бірлігін (іс жүргізушілерді) жұмысқа қабылдасын, шақырылушыларды тасымалдауға көлік жалдауды қамтамасыз етсін.

8. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жіберу үшін облыстық жинақтау пунктiне шақырылушыларды жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Қ. Едіресовке жүктелсін.

10. «Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын Есіл ауданы аумағында 2010 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2010

жылғы 21 сәуірдегі № 192 қаулысының күші жойылды деп танылсын ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 29 сәуірде № 13-6-146 тіркелген, 2010 жылғы 7 мамырдағы № 21 (206) «Есіл таңы», 2010 жылғы 7 мамырдағы № 22 (8474) «Ишим» газеттерінде жарияланды).

11. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Есіл ауданының әкімі* *А.Бегманов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*«Солтүстік Қазақстан облысы* *Сүлейменов С.Ә*

*Есіл ауданының қорғаныс істері*  
*жөніндегі бөлімі» мемлекеттік*

*мекемесінің бастығы*

*Қазақстан Республикасы* *Есдәулетов Т.Т.*

*Денсаулық сақтау министрлігі*  
*Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің*  
*«Явленка орталық аудандық ауруханасы»*  
*шаруашылық жүргізу құқығындағы*  
*коммуналдық мемлекеттік*

*кәсіпорнының бас дәрігері*

*«Солтүстік Қазақстан облысы*

*Ішкі істер департаменті* *Ыбыраев А.Б.*

*Есіл ауданының ішкі істер бөлімі»*

*мемлекеттік мекемесінің бастығы*

Есіл ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 24 наурыздағы  
№ 44 қаулысына

1-қосымша

## **Аудандық шақыру**

### **комиссиясының құрамы**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2011.10.10 N 239 Қаулысымен**

Кишман - «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл  
Сергей Николаевич ауданының қорғаныс істері жөніндегі  
бөлімі» мемлекеттік мекемесі  
бастығының міндетін уақытша атқарушы,  
комиссиясының төрағасы

(келісім бойынша)

Мүжінбаев -  
Орал Заеденұлы

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары

Бариямова -  
Қуаныш Бекболатқызы

Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Явленка орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны емханасының мейірбикесі, комиссияның хатшысы (келісім бойынша)

Комиссия мүшелері:

Рамазанов -  
Марат Қойшыбайұлы

«Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті Есіл ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары

(келісім бойынша)

Допира -  
Татьяна Юрьевна

Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Явленка орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны емханасының меңгерушісі, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша)

2 - қ о с ы м ш а

Есіл ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 24 наурыздағы  
№ 44 қаулысымен бекітілді

## 2011 жылғы көктемде Есіл ауданы бойынша шақыру комиссиясын өткізу кестесі

Селолық округтер атаулары	адам саны	Комиссия өтетін күндер						
		05.04-06.04.2011ж	06.04-07.04.2011ж	07.04-08.04.2011ж	08.04-11.04.2011ж	11.04-12.04.2011ж	12.04-13.04.2011ж	13.04-14.04.2011ж
Алматы	4	4						
Амангелді	6		6					
Бұлақ	10	10						
Бесқұдық	20					20		



Селолық округтер атаулары	адам саны	03.10-04.10.2011ж	04.10-05.10.2011ж	05.10-06.10.2011ж	06.10-07.10.2011ж	07.10.-10.10.2011ж	10.10-11.10.2011ж	11.10-12.10.2011ж
Алматы	4	4						
Амангелді	6			6				
Бұлақ	10	10						
Бесқұдық	24						24	
Волошинка	21					21		
Заградовка	19				19			
Заречный	16						16	
Ильинка	21	21						
Корнеевка	28				28			
Николаевка	25		25					
Петровка	18			18				
Покровка	67							33
Торангұл	15	15						
Явленка	104		12	26	3	18	10	17
Ясновка	11					11		
Спасовка	13		13					
Барлығы:	400	50	50	50	50	50	50	50

**кестенің жалғасы**

21.102011ж	28.10.2011ж	04.112011ж	11.11.2011ж	18.11.2011ж	02.12.2011ж	09.12.2011ж
34						
16						
50						

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК